

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№4 (2023)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZXJO1535>

**\*А. Т. Смагулова<sup>1</sup>, Б. А. Ердембеков<sup>2</sup>, А. С. Еспенбетов<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Шәкәрім университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

e-mail: [akma.2000.2006@mail.ru](mailto:akma.2000.2006@mail.ru)

## **АБАЙ МЕКТЕБІНДЕГІ ӘНШІЛІК ӨНЕРДІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ**

*Бұл мақалада ұлы ақын Абай айналасына топтасқан өнер иелері туралы айтылады. Абайдың мектебі оның ақын шәкірттерімен ғана шектеліп қалмағаны белгілі. Ақынның айналасындағы өнерлі топ өкілдерін әдеби ортадан бөліп қарауға болмайды. Әнші мен күйші, тоғызқұмалақшы мен дөйбышы, балуан мен құсбегі, қолөнер шебері мен Ағашаяқтай цирк өнерінің майталмандары Абай маңына үйірілді. Өйткені Абай ауылы тек өлең ғана емес, барлық өнердің бас қосқан құтты мекеніне, шын мәнінде өнер ордасына айналды.*

*Абайдың айналасына топтасқан шығармашыл жастарды жан-жақты қолдауы, қазақ ортасына скрипка, гармонь, мандолина сияқты аспаптарды таныстыруы – оның шын мәніндегі ән мектебін қалыптастырғандығының дәлелі. Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Турағұл, Әрхам, Әлмағамбет, Мұқа т.б. өнер иелерінің орындаушылық шеберлігі қазақ музыка мәдениетінің өскенінің айқын дәлелі.*

*Абай шәкірттерінің әншілік мұрасы – әлі зерттеле қоймаған тың жатқан дүние. Оның себептеріне келсек, Абай шәкірттерінің өзі тек тәуелсіздік жылдары ғана қолға алынып, ғылыми қауымның назарына іліне бастады. Зерттеуіміздің мақсатына орай Абай айналасындағы ән өнерінің дамуы, даралық сипаты деген мәселелерді анықтай отырып, ондағы ұстаз Абайдың орны, Абай әндерін өз дәрежесінде орындап халықтың жүрегіне жеткізуші әнші шәкірттердің ролі, олардың ән өнеріне қосқан өзіндік үлесі деген сияқты мәселелер қарастырылды.*

*Кілтті сөздер: ақындық орта, ақын шәкірттері, Абай әндері, ән дәстүрі, ән мектебі.*

## **Кіріспе**

Абай – бүкіл елдің мәдени ренесансын жасаған кеменгер тұлға. Мәдениетке әдебиет пен өнер, ән мен күй жатады десек, Абай осының бәрін жасамаса да, жаңа биіктерге шығарды, жаңа белестерге көтерді, бұрын-соңды болмаған биіктерге шырқатты. Бұл – ақын Абайдың көрегендігі. Қара өлеңмен бірге қанатын кеңге жайып, алысты шарлап жүрген Абай ауылындағы ән өнерін айтар болсақ, Абай төңірегіндегі әншілікті сол ортаның ақындық өнерінен бөлек қарастыруға болмайды. Сол себепті Абай төңірегіндегі ақындар туралы сөз қозғағанда ақындық орта, өнерлі топ, өнерлі орта деген ұғымнан, ән өнері тақырыбын бөліп ала алмаймыз. Өйткені, Абай поэзиясын әншілік өнерден бөліп қарау мүмкін емес. Абай өлеңдерінде әннің сөзі мен әуеніне ерекше талап қояды. Мысалы, «Көңіл күйі құйкылжыр шартарапқа» деген туындысы жақсы әнге берген бағасы. Дәл осыны жазған адам нашар ән шығаруы мүмкін емес еді. «Әннің де естісі мен есерін» ұға білетін, ой елегіне сала білетін, талап қоя білетін қатал сыншы Абайдың тек жақсы әндер ғана тудыруға құқы бар еді. Қазақ ән тарихында Абай тек композитор ғана емес, музыка әлеміне «Абай стилін» әкелген жаңашыл жан. Бұл туралы ақынның жыр мұрасын зерттеуші Г. Бисенова былай дейді: «... песенный стиль Абая представляет собой органический синтез речитативной декламационности искусства казахских акынов, с преобладающим значением поэтического текста, в сочетании с распевностью лирико-повествовательных казахских песен и интонационных особенностей русского городского мелоса» [1, 90.]. Абай әкелген жаңалықтан тек әуез іздеу жеткіліксіз, мәтіннің терең мазмұндық күдіретімен астасқан ән сөзі адам жанын тебіrentпей қоймайды. Ақынның поэзиядағы жаңашылдығы әншілік өнерге тың серпін беріп, қазақ даласына жаңа әуендер әкелді. Ғалым А.Жұбанов «Абай» атты мақаласында Абайдың композициялық тұлғасын жан-жақты ашып көрсеткен [2, 110].

## **Материалдар мен әдістер**

Мақаланың материалы ретінде Абайдың әдеби мектебі, ақындық ортасы, ақынның әндері мен композиторлығы туралы зерттеу еңбектері пайдаланылды. Абай айналасына топтасқан өнер иелерінің шығармашылықтары нысанаға алынды.

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы талдау, жинақтау, жүйелеу, сипаттау, талдау әдістеріне сүйендік.

## **Нәтижелер және талқылау**

Абай әндерінің ерекшеліктері туралы айтқанда, оның орыс халық әндерімен байланысын, олардың ықпалын айтпай кетуге болмайды. Абай әндерінің әуені орыстың ескі әндерін еске түсірсе, ол көшірме емес, Абайдың музыка өнеріндегі жаңашылдығы мен шеберлігі. Абай қазақтың өлең

құрылысына бұрынғы тыңдаушының есту қабілетіне және әншінің қолындағы домбыраның сазына қарай жазба поэзияға лайық жаңа реформа жасады. Ол қазақ поэзиясының құрылысына, ырғағы мен әуездік құрылымына көптеген жаңалықтар енгізіп, қазақ ауыз әдебиетінің мүмкіндіктерін ашып берді.

Әсілі, Абай әншілікті кәсіп етпегені белгілі. Абай әні де оның өлеңдері мен қара сөздері сияқты халықты эстетикаға тәрбиелеудің өнегесі, құралы. Бұл тұрғыда Абай әнінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін айқын көруге болады. Халқының санасын поэзиясымен, қара сөзімен баурап алған ақын енді «ұйықтап жатқан жүректі оятар» жақсы әнін қару етті. Сөйтіп, Абайдың күдіретті сөздері әнге қосылып, қазақ даласына бұрынғыдан да тез таралып, тыңдаушыларды баурап алды.

Абайдың қазақ музыкасы мен әншілік өнеріне жақындығы Тәттімбеттің күйін тыңдаудан, Біржан әндеріне ерекше ден қоюынан бастау алғанын айта кеткен жөн. Шертпе күйдің хас шебері Тәттімбет Қазанғапұлының Абайға нағашылығы да бар екен. Оның Абайдың әкесі Құнанбаймен қарым-қатынасы М. Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» кітабында жазылған. Қазақ музыка мәдениетінің көрнекті қайраткері А. Жұбанов мынадай деректерді келтіреді: «Бір әңгімеде Абайдың шешесі Ұлжанмен бірге туған сіңлісі Малғара келіншек болып ұзатылып барып отырғанда, киігінің басы деп Тәттімбеттің «Сылқылдағын» тартыпты дейді» [2, 81]. Абайдың нағашы апасы Малғара мен Тәттімбет арасындағы күй жарыс туралы халық аузында әңгімелер де бар. Домбыраның шегіндей нәзік осы бір байланысты зерттеп, саралап қарау керек.

Қазақта ән мен өлең қатар жүретін, Абай заманында да тура солай болды. Өлеңге икемі бар кез келген ақын өлеңіне ән қосып өзі шырқаған. Яғни ақын да, композиторы да, орындаушысы немесе әншісі де өзі болатын. Бұл құбылыс Абай төңірегіндегі өнер мектебінен бөліп қарауға болмайтынын көрсетеді. Қара сөзге құдырет бітіріп, насихаттың үлгісін таратқан ұлы ақынның әншілігі қандай болды екен? Асқан әнші болмаса да, әншілік өнердің қыр-сырын жетік білетін Абайдың домбыраға ілесіп айтатын қоңыр дауысы болған деседі естеліктерде. Ал сол Абай аузынан естіген алғашқы әуенді әуелете жетілдіріп, ел арасына тарату ақын шәкірттерінің міндеті болған. Осы орайда А.Жұбанов: «...Ақылбай, Әлмағамбет, Әйгерім Абайдың «жәй даусымен» айтып шығарып берген әндерін аузынан қағып алып, шырқата, үдете, құйқылжыта орындап кетті. Абайдың міндеті – бірінші рет «автор даусымен» орындап беру болды. Әрине, одан әрі Абай өз әндерін орындамады деген сөзден аулақпыз. Міне, осылай, Абай әндері ауылынан шықпай жатып жоғарыда ескертілген «лабороториядан» өтіп, шыңдалып, біздің тілімізбен айтқанда Абай айналасының «литосынан» өтіп барып, халық алдына тарады» [2, 114]. Ал Абайдың шәкірт әншілері Абай

әндерін таратып қана қоймай, кемшілігін түзеп, нағыз әншінің дауысына салып жетілдірген. Абай төңірегінде болған мұндай ән талқысы, ән туралы әңгіме халық композиторларының көпшілігінде кездеспеген. Сондықтан да болар А.Жұбанов Абай айналасындағы әншілер тобын орыстың «Могучая кучкасымен» салыстырады.

Абай айналасына топтасқан ән өнерінің өкілдері кімдер дегенді сөз еткенде, ең алдымен кімнің нағыз әнші, кімнің күйші, кімнің жай ғана әуесқой екендігін, қай музыканты қандай аспаптарда ойнағанын анықтауға тырысуымыз керек. Абай маңына таңдаулы әншілерді жинап, поэзиямен қатар ән өнерін дамытуға зор ықылас танытқаны анық. «Әлдеқандай себептермен қалаға барып оқи алмай қалып, өз маңайына жиналған іні, бала, ағайын-туысқан сияқты жастардың тәрбиесін қатты ескергендіктен, Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкешіні ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды» [3, 144], - деп жазады М.Әуезов. Сол сияқты керей елінен шыққан әнді жақсы салатын Уәйс ақын, қаракесек Мауқай сияқтыларды маңына топтастырады. Абай да Әйгерімнің әніне ғашық болған, алғашқысында оны нәзік жанның сұлу бейнесі емес тамылжыта салған әні баурап алған. Кейіннен Абай әндерін нақышына келтіре айтып, халыққа таратқандардың қатарында Әйгерім де болды. «Ән, дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен» [3, 240]. М. Әуезов «Абай жолында» Әйгерімнің әншілік бейнесін беруде шындықтан алыстамаған.

Бала кезінен өнердің барлық түріне тәрбиелеген талантты інісі Шәкәрімнің домбыраға деген ынтызарлығын байқап, керейден шыққан атақты домбырашы Біткенбайды алғызып, Шәкәрімге көптеген күйлерді үйретеді. «Менің домбыра ұстазым – Біткенбай, оны тауып беруші – Абай» [4, 8], – дейді Шәкәрім. Айналасындағы жастарды ән өнеріне баулыған Абай музыкалық аспаптарды да көптеп алғызған. Сахараға, Шыңғыстау еліне Абайдың арқасында қазақтың қара домбырасынан бөлек орыс, татар ұлттық аспаптары келді. Бір жағынан қалалық музыканттардан үйренсе, екінші жағынан Омбыда оқитын Халиолла, Абайдың ұлы Әбдірахман бұл жаңалықты ел арасына таратты. Әрхам Кәкітайұлы өз естелігінде: «Халиолла келген соң жазда басталып ортасы үзіліп қалған орысша оқу, ән-күй, домбыра, скрипка, гармонь ойнап үйренуді қайта қолға алады» [5, 40]. Соның нәтижесінде Абай ауылында домбыра, қобыз, сыбызғыдан бөлек қазақ халқына таныс емес скрипка, гармонь, мандолина сияқты аспаптар үні естілді. Ақын елінде бүгінде кеңінен қолданылып жүрген үш шекті домбыра Абай заманында орыстың мандолиναςынан шыққан болса керек. Жүз жасаған халық ақыны Шәкір Әбеновтің де қолынан үш

шекті домбыра түспеген. Міне Абай әкелген осы бір жаңалық ел арасына қаншалықты сіңісіп кеткендігін көруге болады. Абайдың музыкалық аспаптарға деген ерекше қызығушылығы оның күй өнерінен де құр алақан еместігінің дәлелі. Абайдың күйлері өз алдына бөлек ауқымды тақырып.

Абайдың өнерлі жастарды, яғни әнші-күйшілерді маңына жинауы шын мәнінде мектебін қалыптастырды.

Осы ортада Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Турағұл, Бейсенбай ақын, «Абай жолы» арқылы елге танымал Мұхамеджан, Құдайбердінің ұлы Әмір, Ақылбайдың ұлы Әубәкір, Кәкітайдың ұлы Әрхам, әнші Әлмағамбеттер Абайдың әншілік мектебінің белді өкілдері. Сондай-ақ Шәкәрім, Уәйіс, Әсет, Мұқа, Ақылбай, Бейсенбай сынды шәкірттері ән өнерін жетік меңгеріп, сазгер дәрежесіне дейін жеткен әншілер. Соның ішінде Әсеттің әнші ретіндегі даңқы қазақ даласына кеңінен тарады. Көкбай ақын да жасында жақсы әнші болған. Бірақ ол ән шығаруға аса қызықпаған көрінеді.

Абай шәкірттерінің әншілік мұрасы – әлі де зерттей түсетін, беймәлім беттері көп тақырып. Оның себептеріне келсек, Абай шәкірттерінің өзі тәуелсіздік жылдарында ғана ғылыми қауымның назарын аудара бастады. Ал ән өнерін, музыкалық мұраны зерттеуде әдебиетші мен музыка мамандарының бірлескен еңбегі ғана нәтижелі болатынын ескерген жөн. Немесе Абайдың әдебие мектебін, ақын шәкірттерін зерттеуші адамның музыка саласынан арнайы білімі болғанда ғана жемісін беретіні анық. Сонда ғана Абай мектебінде ән өнерінің қазақ мәдениетіндегі орнын толыққанды зерттеуге мүмкіндік туары сөзсіз.

Біз музыка маманы болмағандықтан, Абай шәкірттері әндерінің құрылымы, музыкалық тіл ерекшеліктері, әуеннің ырғақтық құрылымы сияқты әннің ішкі табиғатына емін-еркін үңілуге қауқарсызбыз. Сондықтан да Абай төңірегіндегі әншілік өнердің даму мәселелерін, даралық болмысын айқындай отырып, ондағы Абай ұстаздың орны, Абай әндерін халыққа жеткізуші әнші шәкірттердің рөлі сияқты мәселелерге қысқаша тоқталамақпыз.

Музыка саласында жазба мәдениеттің жоқтығына қарамастан, Абай әндерінің бізге жетуінің берден бір себебі – олардың халық жүрегінде сақталуы. Сазгер болғанымен, нота білмесе де Абай әндері ауыздан-ауызға тарайды. Абай әндерінің халық арасында кеңінен таралуы, біріншіден, ән табиғатының халыққа жақындығы, сырлы әуені, терең мазмұны тыңдаушысын баурап алса, екіншіден, бұл әндерді нағыз күміс көмей әншілердің орындауы еді. Абай әндерін орындаушылар – әншілік өнердің нағыз хас шеберлері. Ақынның өзі «Адам аз мұны біліп ән саларлық, тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық» дегендей, Абайдың жаңа әндерін тосырқап қабылдаушылар да аз болмаған. Ол кезде әнші шәкірттер әнді таратушы ғана емес, мазмұны

терең ғибратты әндердің насихатшысы да болды. Осы кезде сазгер Абай әндерін орындап талапты да талантты шәкірттеріне жол нұсқады. Әнші мен күйшілер Абайдың үйінде жиі бас қосып, ән-күйлерін орындап, Абай сынына салған. Бұл Абай мектебінің қалыптасқан дәстүріне айналған.

Жалпы, «Абай жолы» дастанындағы әнші-ақындар бейнесінің тақырыбы әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Алғашында эпопеяның келесі екі кітабында Абай мен оның шәкірттері тақырыбын кеңінен жазғысы келген Мұхтар Әуезовтің ойы саяси қысымның кесірінен іске аспады. Эпопеядағы ақын шәкірттерінің орнын әнші шәкірттер басып, тыйым салынған Абай мектебі деген ұғымның мүлдем өшіп қалуынан сақтады.

«Абай жолында» ән тақырыбы – Абайдың Ділдә ауылына барғанда және Сүйіндік-Тоғжан ауылында сәл көрініп қап, Әйгеріммен кездесуінде ерекше сипатталады. Біржанның Абай ауылына келуі ән құдыреттілігін оқырманна тағы да бір сезіндіргендей. Жазушы Біржаннан ән үйренген Әмір мен Оралбайды, Әйгерім мен Керімбалаларды ерекше сомдайды.

Біржаннан үлкен ән қуатын алған Абай айналасы енді ән айтуды күнделікті өмірдің қажеттілігіне айналдырғандай. Эпопеяда қалаға келе жатқан Абай балалары жарыса ән салып, әкелерінің көңілін жадырататын эпизод бар. Бұл келесі бір ән белесінің баспалдағы іспетті. «Татьянаның сахарاداғы әні» Әуезов романының маңызды, кестелі қыры ғана емес, жалпы эпопеяның алғашқы негізі де осы «Татьяна жырынан» бастау алады. Яғни әлемге әйгілі туындының ән тақырыбынан бастау алуы тегін емес. Татьяна әнінің Абайдың басқа шәкірттеріне Мұхамеджан арқылы жеткені эпопеяда өте әдемі суреттеледі: «Олар тегіс көшіріп болған соң, осы кеш бойында біреу домбырамен, біреу үнмен ылғи «Татьяна хатын» айтуда болды. Тек үйрене алмағандар Мұхамеджанға бастатып, өздері екіден-үштен қосылып отырып айтты. Сонымен, түн ортасы ауғанша, барлығының ден қойғаны – Мұхамеджан әкелген жаңалық сый еді. Көп мезгіл өтіп, жатарманға тақағанда, бұл үйдің ішінде домбыра тартып, ән сала білетін адамның барлығы да Татьяна әнін, мұңын жаттап алды». Шынайы өмір шындығы жазушы қиялының көркемдік шындығымен араласып, бір тұтастыққа ұласып кеткендей. «Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан-саналы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып, тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады». Осыдан әрі Абай айналасына топтасқан өнерпаз топтың әншілігі айшықтала түседі. Жалпы М. Әуезов ән тақырыбын жазғанда өмір шындығынан алшақ кетпеген. Абай әнін Көкбай, Мұқа, Әлмағамбеттер жарыса орындайды. Мұқа «Айттым сәлем қалам қасты», Әлмағамбет: «Көзімнің қарасын» нақышына келтіре әуелетеді. Қаладан келген Әбіш Мұқамен бірге скрипкада ойнап, өнер көрсетеді. Барлығының аузында Абай сөзі, Абай әні. Тіптен төрт кітаптан тұратын



эпопеяның өзі де әнмен аяқталады. Бірақ бұл қазақ даласына жаңалық әкелген ұлы өнер иесін жоқтаған жоқтау жыры, мұңлы жыр, қазалы ән еді. Ән өнерін ерекше бағалаған ұлы ақынның қабірінде жоқтау айтқан асыл жар Әйгерім әні оқырман жүрегін елжіретеді. Жазушының соңғы сөйлемдеріне құлақ түрейік: «Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған әннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан». Ән мен өлең! Абайдың көзі тірісінде мүлде жаңа деңгейге көтерген бұл өнердің қос қанатын одан әрі өркендетуге қабілетті ұрпақ бар ма деген сауалға жазушы жауап берді. Бар! Ол Абайдың өнерлі шәкірттері. Топырағы құрғамаған Абай бейітіндегі жаңашыл ән мен өзгеше ән Абай шығармашылығының жалғасы іспетті тарап жатты. Осы орайда ғалым Ж. Дәдебаевтың «Абай жолы» ақын Абай туралы ғана емес, ақындық, ән мен жыр өнері туралы да шығарма болып табылады» [6, 121], - деген ойы орынды айтылған.

М. Әуезов төңірегіндегі ақын шәкірттерін сомдауға мүмкіндік болмаған соң, бар салмақты әнші-өнерпаз шәкірттерге салды. Оның өзінде Абай әндерін таратудағы өнер иелерінің еңбектерін суреттеуге ғана мүмкіндігі болды. Бірақ жазушы олардың өз әндері туралы сөз қозғай алмаған. Өйткені, сазгерлік дегеніңіз – нағыз ақындық. Ақындық мектеп туралы сөз қозғауға мүмкіндік болмағандықтан, Шәкәрім, Көкбай, Әсет, Уәйіс, Ақылбай, Мұқалардың сазгерлік қырлары туралы сөз етпеді.

Әсет пен Уәйіс қазақтың дәстүрлі ән өнеріне өз үлестерін қосса, Абай мектебінің келесі бір өкілі қазақ әніне қайталанбас өзіндік жаңалық әкелді. Шәкәрім – Абайдың музыкаға деген жаңаша көзқарасын жалғастырып қана қоймай, оны дамыта білген сазгер ақын. Философиялық ой-өрісі терең Шәкәрім басқа ақындарға қарағанда әннен де өте сауатты болған. Батыс пен Шығыстың өнері мен білімін игерген Шәкәрім әндерінің жаңаша орындалуы заңдылық еді. Абай да Шәкәрімнен көп үміт күткен. Бізге жеткен бір естелікте: «Абай Шәкәрімге: «Осы қазақта алты, жеті, сегіз, он бір буынды шумақтар бар. Тоғыз, он, он екі буынды өлең шумағы болуы мүмкін бе? Ай, ондай болмайтын шығар, – дейді. Шәкәрім ертеңіне тоғыз, он, он екі буынды өлеңге ән шығарып әкеліп Абайға тыңдатады. Ол «Ажалсыз әскер» әні екен», – дейді. Бұл әңгіме ұстаз бен шәкірт арасында шын болған ба, дөп басып айту қиын, бірақ Шәкәрім қазақ поэзиясының құрылысында ғана емес, ән өнерінде де жаңашылдыққа ұмтылды.

Шәкәрім ел аралап ән салмаған, ән салғаны туралы ешбір дерек те жоқ. Дегенмен Шәкәрім өлеңдерінің көпшілігінің өз әндері бар. Ол С. Мұқановқа жазған хатында: «Бір сөзім, менің кейбір өлеңдерім қазақтың бұрынғы өлең жырларының әнімен айтылмайды. Әрқайсысының өзім шығарған әні (мотиві)

бар» [7, 276]. Оның өлеңдері ғана емес, көлемді шығармалары да автордың өзі шығарған әнімен ел арасына кеңінен таралған. Музыка теориясын жетік меңгерген ол қазақтың ән өнеріне тыңнан жол ашты.

Шәкәрім нота жазу өнерін Меккеге сапарында үйренген. Өкініштің үлкені Шәкәрімнің өзі нотаға түсірген әндерінің бізге жетпегені. Абайдың көмегімен біраз аспаптарды еркін меңгерген. «Он жасыма кірген соң, домбыра, гармонь білген соң» немесе «Сағат пен орган жүргенін, таңырқап ашып көргемін» деп жазады өз өмірбаянында. Тіпті музыкалық аспаптарды өзі жасаған. «Ол кісі өз әнін орындау үшін домбыраның жоғарғы тұсынан қосымша тағы бір перне тағып берді» [8, 443], – дейді Шәкәрімді көрген Садық Қасиманов ақсақал. Ахат Шәкәрімұлының айтуынша, Шәкәрімнің «Ала байрақ», «Бозторғай» деген күйлері де бар. Демек, Шәкәрімнің музыкалық әлемі тың дүние. Жаңалық басшысы – Абай, ал Шәкәрім – соның жаршысы. «Ән – өлшеуіш, өлең – күміс, қоспаңыз мыс аралас» деп жырға қосқан Шәкәрім ән мен сөздің үндестігіне аса мән берген. Бұл арада Шәкәрім де ұстазы Абай сияқты адам жүрегіне эстетикалық тұрғыда биік адамгершілік мұраттарды сіңіре білген тәлімгер-ағартушы. Абайша сүйіп, өзінше дамыта білген Шәкәрімнің композиторлық күдіреті өзінше танылып, әндері әлемдік деңгейге көтерілері сөзсіз. «Музыка – өнердің ұлттық тілге, мемлекеттік шекараға бағынбайтын жанры саналады. Алайда барлық өнер туындылары тәрізді музыкалық шығармалар да ұлттық дүниетаным мен түсініктен бастау алып, туған халқының мұңы мен арманын бейнелегенде ғана шынайы сипатқа ие бола алады» [9, 308].

«Тек XIX ғасырда ғана қазақ музыкасы дін мен ырым-жоралғылардан арылып, құнды өнер туындысы ретінде дами бастады. Бұл кезең халықтың негізгі музыкалық дәстүрлері – аспаптық, әншілік, ақындық өнерді тудырған шын мәніндегі ұлттың рухани жаңғыруы болды. Әртүрлі жергілікті кәсіби композиторлық және қазақ өнер жырларындағы руханият құбылысы болды» [10, 143]. Расында да, Абай жасаған әншілік орта қазақ музыкасының дамуына тың серпін, жаңа қарқын әкелгені сөзсіз.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.

### **Қорытынды**

Абай мектебіндегі ән өнерінің дамуы туралы айтқанда, ең бірінші Абайдың өзі ән өнеріне көп жаңалық әкелген. Айналасына өз заманының ең атақты әнші-күйшілерін жинаған ұлы ақын өз мектебін қалыптастырды. Ән өнері поэзиямен ұштасып, ақын сөзінің насихаттық күшіне қызмет

ететіндіктен, Абайдың шәкірт ақындарының барлығы дерлік жақсы әнші болды. Абай мектебінің нағыз сегіз қырлы сипатын ескерсек, ақындар мен әншілерден, музыкалық аспаптарда шебер орындаушылардан құралған Абай шығармашылық тобы өз ортасындағы әншілік өнердің жаңашылдық ерекшеліктерін айқындай білді.

Мұқа, Әлмағамбет, Мұхамеджан сынды әншілердің ақындық өнері көзге түспесе де, Абай әндерін насихаттаумен ерекшеленді. Көкбай ақындық пен әншілікті қатар тізгіндесе, Ақылбай мен Турағұлдар бірнеше аспапта ойнай білген. Уәйіс пен Әсет атақты әншілер ғана емес, дәстүрлі ән өнерінің дамуына үлес қосқан композиторлар. Абай шәкірттерінің қатарында қазақтың ән өнерін қайталанбас белеске көтеріп, жаңа әуен мен мазмұн әкеле білген ақын Шәкәрім де болды. Бұл өнерді жас ақындар, әншілер, күйшілер ілгерілетті. Ендеше, қазақ ән өнерінде жан-жақты дамып, өзіндік із қалдырған Абайдың әншілік мектебі – дарынды ақын тұлғасын айқындайтын тағы бір тамаша көрсеткіш.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Бисенова, Г. Н.** Песенное творчество Абая [Текст]. – Алматы : Дайк Пресс, 1995. – 284 б.

2 **Жұбанов, А. Қ.** Замана бұлбұлдары [Текст]. – Алматы : Өнер. 1963. – 380 б.

3 **Әуезов, М. О.** Абай Құнанбаев [Текст]. – Алматы. 1967. – 390 б.

4 **Әсімжанов, Ә.** Шәкәрім әндері нотаға қалай түсті [Текст] // Абай. – 1994. – № 9. – Б. 8.

5 **Бсқаков, Ә. К.** Абайдың өмір жолы. Абай туралы естеліктер [Текст]. – Алматы : Қаламгер, 2018. – 504 б.

6 **Дәдебаев, Ж.** Абайдың антропологиясы [Текст]. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X том. – Алматы : Қазақ университеті, 2013. – 269 б.

7 **Құдайбердіұлы, Ш.** Шығармалары. 2-том [Текст]. – Астана : Фолиант. 2018. – 376 б.

8 **Құдайбердіұлы, Ш.** Шығармалары. 1-том [Текст]. – Астана : Фолиант. 2018. – 472 б.

9 **Таирова, Б. Л., Рахимова, Г. Д.** Абай және шығыс мәдениетіндегі музыка өнері [Текст] // SCIENTIFIC COLLECTION «INTERCONF». – 2021. – № 49. – Б. 303–310. [Электронды ресурс]. – <https://doi.org/10.51582/interconf.7-8.04.2021.031>

10 **Sabirova, A. S., Yergaliev, A. T., Maulet, A., Gabdiyev, M., Takezhanova, R.** The phenomenon of spirituality in the kazakh art songs [Текст]

## References

- 1 **Bisenova, G. N.** Pesennoe tvorchestvo Abaia [Abai's song creativity] [Text]. – Almaty : Daik Press, 1995. – 284 p.
- 2 **Zhubanov, A. K.** Zamana bulbuldary [Nightingales of the century] [Text]. – Almaty : Oner. 1963. – 380 p.
- 3 **Auezov, M. O.** Abai Kunanbaev [Abai Kunanbaev] [Text]. – Almaty. 1967. – 390 p.
- 4 **Azimzhanov, A.** Shakarim anderi notaga kalai tusti [How Shakarim's songs were written] [Text] // Abai. – 1994. – № 9. – P. 8.
- 5 **Yskakov, A. K.** Abaidyn omir zholy. Abai turaly estelikter [Abai's life path. Memories of Abai] [Text]. – Almaty : Kalamger, 2018. – 504 p.
- 6 **Dadebaev, Zh.** Abaidyn antropologizmi [Abai's anthropology] [Text]. Abaitanu. Tandamaly enbekter. X tom. – Almaty: Kazak universiteti, 2013. – 269 p.
- 7 **Kudaiberdiuly, Sh.** Shygarmalary. 2-tom [Works of Sh. Kudaiberdiuly 2-Volume] [Text]. – Astana : Foliant. 2018. – 376 p.
- 8 **Kudaiberdiuly, Sh.** Shygarmalary. 1-tom [Works of Sh. Kudaiberdiuly 1-Volume] [Text]. – Astana : Foliant. 2018. – 472 p.
- 9 **Tairova, B. L., Rakhimova, G..** Abai zhane shygys madenietindegi muzyka oneri [Art of music in Abai and Eastern culture] [Text] // SCIENTIFIC COLLECTION «INTERCONF». – 2021. – № 49. – P. 303–310. [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.51582/interconf.7-8.04.2021.031>
- 10 **Sabirova, A. S., Yergalieva, A. T., Maulet, A., Gabdiyev, M., Takezhanova, R.** The phenomenon of spirituality in the kazakh art songs [Текст] // Opcion, 2020, 36 (Special Edition 27), Б.130–149/ ISSN 1012-1587/ISSNе: 2477-9385

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

\*А. Т. Смагулова<sup>1</sup>, Б. А. Ердембеков<sup>2</sup>, А. С. Еспенбетов<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup> НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,

Республика Казахстан, г. Семей.

Принято к изданию 30.11.23.

## **МЕСТО ПЕВЧЕСКОГО ИСКУССТВА В ШКОЛЕ АБАЯ И РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ**

*В данной статье рассказывается о представителях искусства, группировавшихся вокруг Абая. Известно, что окружение Абая не ограничивалось его учениками-поэтами. Представители творческой группы, находившихся в разное время рядом с поэтом не могут быть отделены от его литературной среды. Вокруг Абая собирались певцы и музыканты, борцы и шахматисты, птицеловы, мастера циркового искусства, народные комики и другие. Аул Абая часто представлял собой место, где встречались не только поэты, но и представители различных сфер искусства.*

*Всемерная поддержка Абаем собиравшейся вокруг него творческой молодежи, знакомство казахского общества того времени с такими музыкальными инструментами, как скрипка, гармонь и мандолина, являются доказательством того, что он неуклонно формировал эстетический вкус, создавая при этом настоящую певческую школу. Исполнительское мастерство Кокбая, Шакарима, Акылбая, Турагула, Архама, Алмагамбета, Мұқи и других акынов является ярким свидетельством роста казахской музыкальной культуры.*

*Музыкальное наследие и исполнительское мастерство учеников Абая – это неизведанный мир, который стал предметом внимания исследователей лишь в годы независимости.*

*Поэтому целью настоящей работы – исследование особенностей певческого искусства и исполнительского мастерства представителей творческой молодежи, группировавшейся вокруг Абая, выявление индивидуальных качеств и манеры вокального пения, определение роли и места Абая как учителя в дальнейшем развитии казахской музыкальной культуры.*

*Ключевые слова: поэтическая среда, ученики поэта, песни Абая, песенная традиция, песенная школа.*

\*A. T. Smagulova<sup>1</sup>, B. A. Yerdembekov<sup>2</sup>, A. S. Yespenbetov<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>NCJSC «Shakarim University of Semey»,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Accepted for publication on 30.11.23.

## THE PLACE OF SINGING IN ABAI'S SCHOOL AND THE DEVELOPMENT OF KAZAKH MUSICAL CULTURE

*This article talks about the representatives of art grouped around Abai. It is known that Abai's circle was not limited to his student poets. Representatives of the creative group who were at different times close to the poet cannot be separated from his literary environment. Singers and musicians, wrestlers and chess players, bird catchers, circus artists, folk comedians and others gathered around Abai. Abai's village was often a place where not only poets, but also representatives of various fields of art met.*

*Abai's full support of the creative youth who gathered around him, the acquaintance of the Kazakh society of that time with such musical instruments as the violin, accordion and mandolin are proof that he was steadily shaping his aesthetic taste, while creating a real singing school. The performing skills of Kokbay, Shakarim, Akylbay, Turagul, Arkham, Almagambet, Muka and other akyns are clear evidence of the growth of Kazakh musical culture.*

*The musical heritage and performing skills of Abai's students is an unknown world, which became the subject of attention of researchers only in the years of independence. Therefore, the purpose of this work is to study the characteristics of the singing art and performing skills of representatives of creative youth grouped around Abai, to identify individual qualities and manners of vocal singing, to determine the role and place of Abai as a teacher in the further development of Kazakh musical culture.*

*Keywords: poetic environment, the poet's students, Abai's songs, song tradition, song school.*

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)